

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

1972-92 жылдары атақты режиссер Әзербайжан Мәмбетов ұйымдастырған ұжым өте нәтижелі істермен көзге түсті. Ол директор әрі бас режиссер міндетін атқара жүріп, тағы да сәтті деген бірнеше қойылымдарды жұртшылық назарына ұсынды. «қан мен тер», «Көктөбедегі кездесу», «Біз періште емеспіз», «Қарагөз», «Ваня ағай», «Юлий Цезарь» сияқты ірі қойылымдар қойылды [10;74].

1974 жылы белгілі актерлер Асанәлі Әшімов, Ыдырыс Нойғайбаев, Фарид Шәріпова, режиссер Әзірбайжан Мәмбетов, жазушы Әбдіжәміл Нүрпейісов – барлығы бес адам КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Тәуелсіздік орнаған алғашқы 1991-1995 жылдары қоғам бастан кешкен өтпелі кезең ауыртпалықтарына байланысты қазақстандық театрлар сапалы, қомақты сахналық қойылымдар жасай алмады. Бірақ та егемендік алған 25 жылда Қазақ Ұлттық М.Әуезов атындағы Академиялық драма театры театр тарихындағы елеулі шығармашылық жетістіктерге жетіп, қазіргі таңда өнердің «Қарашаңырағы» атанып, сахна өнерінің дамып-жетілуінің шырқау биігіне көтерілді. Қазіргі таңда театр репертуарында 42 спектакль қойылып жүр. Бұл спектакльдердің барлығы - бүгінгі күннің ғана емес, ұлттың, халықтың бітім-болмысын, қайғысы мен қуанышын, махаббатын жаңаша ұғындырып отыратын туындылар.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар, 2014 ж. // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар. 2014 жыл. 1-3 бб.
2. Қуандықов К. Тұңғыш ұлт театры. - Алматы, - 1969. – 210 б.
3. Қазақ театрының тарихы. Том 1. - Алматы, 1975. – 375 б.
4. Мухтаров И. Узбекский театр. Страницы истории и современности. Ташкент: Ин-искусствознания АН РУз: SANAT, - 2014.
5. Мүсірепов Ғ. «Абай» – қазақ операсының жаңа белі. - Социалистік Қазақстан. – 1945. – 16 қаңтар.
6. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Қазығұрт», - 2006. – Т.6. – Б.49-53.
7. Шанин Ж. Арқалық батыр. - Алматы, - 1988. – 15 б.
8. Токарь Х. Спектакль о героических земляках. // Казахстанская правда. – No 28. – 1942.
9. Тамаша театр. // Социалистік Қазақстан. – 1945. – 2 қазан.
10. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. Алматы, 1997. – 157 б.

УДК 13.11.21

### МӘДЕНИЕТТЕГІ ӘЗІЛ ФЕНОМЕНИ

**Қуанышбайқызы Мадина**

[madinakuanyshbaikyzy@mail.ru](mailto:madinakuanyshbaikyzy@mail.ru)

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Мәдениеттану» білім

бағдарламасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.Адаева

*«Бір де бір теория әлі күнге дейін әзіл мен күлкінің әртүрлі формалары мен функцияларын түсіндіре алмайды.»  
Гил Грингросс және Джефффри Р. Миллер*

Мәдениет – бұл ұқсас өмір салты, нормалары мен құндылықтары негізінде адамдарды біріктіретін, сонымен қатар мәдениетаралық ұқсастықтар мен айырмашылықтармен ерекшеленетін қоғамның ерекше формасы. Өз қоғамының ерекшеліктері мен құндылықтарын көрсететін мәдениеттің ажырамас аспектілерінің бірі – әзіл. Әзіл көбіне күлкіні тудыру үшін

ауызекі жанрда қолданылып, күлкілі мазмұны мен өткір аяғы бар шағын сюжеттерде орын табады. Ол адам табиғаты мен тіршілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әзілсіз адам өмірі сұр түсті күндер тізбегіне айналар еді. Әзіліне қарай адамның қандай мәдениеттің өкілі екенін, интеллектуалды қабілеттерін, өмірге деген көзқарасын байқауға болады. Сонымен қатар, әзіл тек күнделікті өмірде жақындардың арасында күлдіру тәсілі емес, саяси немесе әлеуметтік мәселелерді көтеретін мәдениеттің аспекті болып табылады.

Расында, әзіл мен күлкі мәселесі ежелгі заманнан бері талқыланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Ежелгі уақытта әзіл мәселесі Платон, Аристотель, және Цицерон сияқты көрнекті ойшылдардың зерттеу объектісіне айналды, олардың күлкіге деген көзқарасы күлушіге емес, күлкіге бағытталған объективистік көзқарас болды. Сол кездің өзінде күлкінің әлеуметтік маңыздылығы түсінілді, оның дәлелі римдік «*Satira ridendo castigat mores*» – «сатира күліп, моральды түзетеді» деген сөз [1]. Бұл – әзілдің тек күлдіру құралы емес, қоғамды қалыптастыратын әлеуметтік-мәдени феномен екенінің айғағы.

Сол уақыттан бері әзіл ұғымын өзінше түсіндіргісі келген ғалымдар мен теориялар жетерлік. Соның ішінде, күлкі мен әзілге социалдық сипат берген алғашқы ғалымдардың бірі – Анри Бергсон. Ол күлкіні тек тірілерге тән механизм ретінде қарастырды [2]. Адам қоғамның мүшесі болғандықтан, қоғамнан тыс уақытта әзіл айтып, күле алмайтыны белгілі. Яғни, әзіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың формасы болып табылады. Сондықтан, бұл феноменді зерттеу барысында пәнаралық зерттеу тәсілдерді қолданған жөн. Әзілді әлеуметтік феномен ретінде зерделегенге дейін ірі үш теория призмасынан қарастыру қалыптасқан. Алғашқысы – бастапқы әрі кең таралған теориялардың бірі – үстемдік теориясы. Бұл көзқарасты жақтаушы Аристотель бойынша, біз өзіміздің үстемдігіміз үшін қуана отырып, төмен адамдардың үстінен күлеміз. Ал Томас Гоббстың айтуынша, күлкіге деген құштарлық – бұл басқалардың әлсіздігімен және өзіміздің өткенімізбен салыстырғанда бойымыздағы қандай да бір артықшылық туралы түсініктен кенеттен туатын атақ. Осылайша, күлкіні бастапқыда артықшылығын сезіне алатын адамдар ғана айтуға тиіс саналды. Алайда, кейіннен әзіл негативті қабылдаудан адам өміріне жағымды эмоциялар сыйлайтын, адам психикасын қорғаушы қасиетке айналды. Бұл тұжырымдама жеңілдеу теориясына тән. Бұл теорияға сүйенсек, әзіл мен күлкі жүйкенің қорқыныш немесе көңілсіз жайттардан туған қысымынан босатылу нәтижесі болып табылады. Мұндай көзқарасты З.Фрейдтің, Г.Спенсердің еңбектерінен байқауға болады. Тағы бір кең таралған теория – қарама-қайшылық теориясы. Неміс ғалымы А. Шопенгауер әзілді біз түсінетін және шынында басқа нәрсені меңзейтін екі қарама-қарсы элементтен тұрады деп анықтады. Ағылшын әлеуметтанушысы М. Малкей өмірді қарама-қайшылықтардан тұратын құбылыс ретінде сипаттай отырып, әзіл сол қисынсыздықты түсіндіретін «тіл» ретінде қарастырды. Алайда, бұл теориялардан ортақ қорытынды шығару мүмкін емес. Американдық әлеуметтанушы М.Дэвис теорияларды әзілдің түрлеріне қарай бөліп қарастырды: Т.Гоббстың үстемдік теориясы агрессивті әзілдерді түсіндірсе, А.Бергсонның теориясы фарста, ал З.Фрейдтің сексуалдық теориясы «лас» әзілдерде көрініс табатынын айқындады [3]. Жан Пол (Иоганн Рихтер) мен А.Шопенгауердің шығармалары әзілді түсінуге маңызды үлес қосты. Шопенгауер әзілдің эпистемологиялық құндылығын атап өтті. Ол күлкі белгілі ұғым мен нақты объект арасындағы сәйкессіздікті түсінуден туындайды деп тұжырымдады. Сонымен бірге күлкі категориялары кеңейе бастады және нақтылана бастады, «ирония», «сатира», «әзіл», «күлкілі» сияқты терминдерді ажыратудың алғашқы әрекеттері пайда болды. Әзілдің күлкінің басқа түрлерінен бөлінуі XVIII ғасырдағы гуманистік қозғалыстар кезінде жүзеге асты, себебі, ол кезде күлкінің агрессивті түрлері дәрежесі екенін түсінді. Бұрын, XVII ғасырдың соңына дейін сәтсіздіктерге, мүгедектікке немесе психикалық ауытқуларға күлу күнделікті құбылыс болды. XVIII ғасырдың ортасында Джордж Хоум күлкі тудыратын объектілердің екі санатын анықтады: күлкілі және мазаққа лайық. Біріншісі таза көңіл көтеруді тудырды, ал екіншісінде күлу менсінбеу сезімімен бірге жүрді. Әзілді тар мағынада сарказм мен қатыгездіктен айырылған, керісінше жанашырлықпен, төзімділікпен және қайырымдылықпен бірге жүретін көңілді құбылыс ретінде түсіне бастады [1, 43б.].

Мәдени ұғым ретінде әзіл өмірдің маңызды аспектілерімен байланысты құндылық қасиеттеріне ие. Әзіл арқылы елдегі өзекті мәселелерді бірден анықтауға болады.

Әзілдің формасының өзгеруі қоғамда болып жатқан өзгерістермен, ұлт немесе жеке адам дүниетанымының өзгеруімен тығыз байланысты. Лингвист Г.Г.Почепцов өз зерттеулерінде әзіл-оспақты қалыптастыруда тілдің шешуші рөлін анықтайды. Ол лингвистикалық әзілді түсіну үшін жоғары интеллектуалды қабілеттер мен ерекше әлеуметтік-лингвистикалық жағдайлар қажет екенін атап көрсетеді. Почепцов әзілдің екі түрін ажыратады: лингвистикалық және ситуациялық, әр түрлі әзіл жағдайлары күлкі немесе күлімсіреу тудыруы мүмкін екенін атап өтті. Айта кету керек, күлкі әңгімені айтушы мен тыңдаушының жағдайды әр түрлі түсіндірген жағдайда пайда болуы мүмкін. Лингвистикалық және ситуациялық әзіл арасындағы айырмашылық әзілдің табиғатын түсінудің маңызды аспектісін білдіреді. Лингвистикалық әзіл күлкі тудыру үшін тілдік құралдарды қолдануға негізделген, ал ситуациялық әзіл белгілі бір жағдайларда пайда болады және пародиялармен, әзілдермен немесе балалардың сөздерімен байланысты болуы мүмкін. Әзіл күлімсіреу немесе күлу және қуаныш эмоциясы сияқты әртүрлі реакцияларды тудыруы мүмкін екенін ескеру маңызды. Әзілді түсіну және түсіндіру жеке адамдар арасында олардың жеке ерекшеліктері мен мәдени контекстіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Г.Г.Почепцов әр мәдениеттің ішінде күлкілі деп саналатын келісім бар екенін атап өтті, бірақ бұл басқа лингвомәдени қоғамдастықтың өкілі үшін мүлдем түсініксіз болуы мүмкін. Әрбір мәдениеттің мінез-құлық нормалары мен ережелерін анықтайтын өзіндік құндылықтар жиынтығы бар. Демек, әзіл-оспақ мәтіндері көптеген мәдениеттердегі гуманитарлық ғылымдардың кең спектрін қамтиды, бірақ құндылықтардағы айырмашылықтарға байланысты басқа мәдениет өкілдерінің әзіл-оспақты түсінуі қиын болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда әзіл коммуникантқа ерекше ортаға тезірек бейімделуге көмектеседі және әртүрлі жағдайлар мен оқиғаларға жауап береді [4].

Ұлттық әзіл көбінесе этникалық ерекшеліктерге, стереотиптер мен асыра сілтеулерге, сондай-ақ сөздік ойынға негізделген. Британдықтардың, француздардың немесе басқа ұлттардың мінезі туралы әзілдерде көбінесе белгілі бір шындық бар, бұл оларды есте қаларлық және мәдени ерекше етеді. Қарапайым британдықтар, қорықпайтын испандықтар немесе өте педантикалық немістер секілді кейіпкерлер басқа этникалық топтармен салыстыра отырып, тек соларға тән белгілер арқылы қалыптасқан стереотиптер мен түсініктер арқылы пайда болған. Күлкі мәдениеті адамзатқа ортақ құбылыс болғанымен, түрлі ұлттардың әзілдері бір бірінен ерекшеленіп отырады әрі көбіне бір ұлт екінші ұлттың әзілін түсініп, қабылдай қоймайды. Кейбір ұлттардың күлкі мәдениеті бойынша ерекшеліктерін талдап көретін болсақ, қытай халқының дүниетанымында бір кісінің үстінен ашық түрде күлу ерсі қылық болып саналады. Оның орнына қытайлықтар ойларын түрлі метафоралар мен халық нақылдары арқылы тұспалдап жеткізеді. Сонымен қатар, саясат пен жеке қарым-қатынас жайлы әзілдемейді. Ал Германияда байлардың саны көбеюінің әсерінен ақша мен сараңдық мәселесі әзілдердің өзекті тақырыбына айналған. Сонымен қатар, неміс халқы біз секілді елдің әр өңірінің тұрғындарына байланысты әзілдескенді ұнататын көрінеді. Американдықтардың әзіл формасы өте жеңіл. Олар расалық және гендерлік, діни тақырыптардан басқа кез-келген формада әзілдескенді ұнатады. Ал, көбіне басқа халықтар түсіне бермейтін әзіл – британдықтардікі. Ағылшын әзілі көп жағдайда «сөздер ойынынан» тұрады. Сонымен қатар, олардың әзілді байсалды түрмен айтуы көпшілікке түсініспеушілік тудырады. Халықтың мәдениетін осындай ұлттық стереотиптерсіз тану мүмкін емес, себебі әзіл – адам әлемінің мәдени бейнесінің көрінісі [5].

Қазақ халқы да табиғатынан әзілді жаны сүйетін халық. Жеңіл әзіл, қағытпа-қалжың, әжуа-мысқыл, келеке-кекесін сияқты күлкінің сан алуан түрлері халық өмірімен ажырағысыз бірлікте болып, олардың небір ұшқыр мысалдары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, кейінгіге жетіп отырған. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деп әдемі әзіл мен орынды оспаққа шек қоймаған, керісінше әзіл сөзін түсінбейтіндерге «аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар» деп кінәлай қараған. Халқымыз көп жағдайда надандық, қорқақтық, ақымақтық секілді жаман қасиеттерді мазақ еткен, оған дәлел «Өзің білме, білгеннің тілін алма», «Қорқақ көлеңкесінен

де қорқады», «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» сияқты халық арасында кең тараған мақал-мәтелдері бола алады. Сатира әдеби тәсіл ретінде бой көрсетіп, түрлі сипатта, мағыналық кеңдігімен, өткірлігімен, көркемдік-бейнелеу құралдарының молаюымен жетіле түсуі кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында газет-журналдарының көптеп шығарылуымен байланысты болды. С.Дөнентаев, І.Жансүгіров, Қ.Тайшықов, Б.Майлин, С.Төлешов сынды көркемсөз шеберлерінің сатиралық шығармаларында қоғамда орын алған қарама-қайшылық көзқарастар мен кертартпа күштер сыналған. Сол кезеңде «Сатира – әдеби қарудың ең жауынгер, ең шабуылшыл, ең уытты түрі» ретінде бағаланды. Сонымен қатар, қазақ әзілінің дамуына 50-60-жылдары шыққан «Крокодил» және «Ара» журналдары зор үлес қосты [6].

Әзілді түсіне әрі айта білу интеллектуалды сананы, тапқырлық пен мәдениеттілікті талап етеді. Әзілдің орынды болуы барлығының көңілін көтеріп қана қоймай, келеңсіздіктер мен қақтығыстардың тууынан сақтайды. Осыған орай, қазақ әзілінен мысал келтіре өтсек:

Бір ғалым өзінің докторлық еңбегін қорғап жатса керек. Даулы пікірлер туындап, академик Әлкей Марғұлан екі-үш рет шығып сөйлепті. Сонда ойнай беретін біреу:

– Әлеке, бүгін көп сөйлеп кеттіңіз ғой, – дейді. Бұған Әлекең:

– Кісі не нәрсе туралы бірдеңе білген соң сөйлейді ғой, білмесе несін сөйлесін, – деп жауап беріпті [7].

Қазіргі таңда әзілдің бірнеше түрлері бар, олар ирония, пародия, сатира, анекдот, қалжың (шутка), каламбур және т.б. Сонымен қатар, стендап (stand-up) деп аталатын әзіл формалары үлкен танымалдылыққа ие. Бұқаралық мәдениетте әртүрлі жанрлардың, формалар мен түрлердің әзіл-оспақ өнімдерінің үстемдігін байқауға болады. Бұл үрдіс сонымен қатар интернет әзіл-оспақ үшін тамаша алаң ретінде шешуші рөл атқаратын цифрлық ортаға тән. Пайдаланушылардың онлайн қарым-қатынастағы психологиялық қажеттіліктері күлкінің жұқпалылығы және виртуалды коммуникацияға қатысу сезімі арқылы қанағаттандырылады. Интернет-коммуникацияның технологиялық ерекшеліктері сонымен қатар әзіл-оспақтың таралуы мен танымал болуына ықпал етеді, ол эмоционалды назар аудартатын және қазіргі әлемдегі ақпараттың шамадан тыс жүктелуіне және сананың бөлшектенуіне жақсы бейімделетін қысылған, афористік түрде көрінеді.

Әзілді толеранттылық, жеке даму, шығармашылық және қоғамдағы ынтымақтастық құндылықтарын ынталандыру үшін қолдануға болады. Қазіргі ақпараттық дәуірде бұл ерекше мәнге ие. Оның мәдениеттер мен жаһандану процестері арасындағы диалог жағдайында адамдарды біріктіру қабілеті оны біртұтас қоғам құрудың маңызды факторына айналдырады. Ақпараттық жарылыс жағдайында коммуникацияларды оңтайландыру әзілді зерттеудің маңыздылығын көрсететін тағы бір өзекті жаһандық мәселеге айналуда. Тапқырлыққа деген қызығушылық оның шектеулі белгілерді қолдана отырып, көптеген ақпаратты ықшамды және тиімді жеткізу қабілетімен түсіндіріледі. Әзіл-бұл көбінесе сатиралық жанасумен автордың жеке мәлімдемесінің объективті арқылы шындықты субъективті қабылдау. Бұл әңгімелесушілер арасындағы шиеленіс пен ыңғайсыздықты азайтудың әмбебап тәсілі, «атмосфераны жылытуға» көмектеседі және жақсы және белгілі бір дәрежеде сенімді қарым-қатынасқа ықпал етеді. Әзіл қоғамда маңызды рөл атқарады, әлеуметтік байланыстарды нығайтуға және шиеленісті жағдайларды жеңілдетуге ықпал етеді. Ол күлкі мен ортақ әзілдер арқылы адамдарды біріктіру арқылы әлеуметтік интеграция механизмі ретінде қызмет ете алады. Сонымен қатар, әзіл әлеуметтік мәселелерді қамту, қоғамның кемшіліктерін сынау және маңызды мәселелерге назар аударту үшін қолданыла алады [8].

Қазіргі ақпараттық әлемде әзіл барған сайын тауарға айналуда. Әзілдің мәдениеттер мен жаһандану диалогы жағдайында адамдарды біріктіру қабілеті оны қоғамды біртұтас тұлға ретінде қалыптастырудың негізгі факторына айналдырады. «Ақпараттық жарылыс» дәуіріндегі коммуникацияны оңтайландыру әзіл-оспақты зерттеуді ынталандыратын тағы бір жаһандық мәселе болып табылады, себебі тапқыр әзіл кішкентай формасы арқылы ғана көп ақпаратты тиімді жеткізе алады. Қазіргі заманның өзіне тән ерекшелігі-дәстүрлі түрде «байсалды» деп саналатын қызмет түрлерін «байсалды емес» элементтермен араластыру. Француз философы Дж. Липовецки былай деп жазады: «Комикс қазір пайда болған жоқ. Бірақ

тек постмодерндік қоғамда байсалды және байсалды емес қарама-қайшылықпен аяқталды» [9].

Қорытындылай келсек, мәдениеттегі әзіл феномені терең түсіну мен зерттеуді қажет ететін күрделі құбылыс. Ол әртүрлі қоғамдардың тарихи, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді, сонымен қатар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Мәдениет контекстіндегі әзіл құбылысын зерттеу оның дүниетанымымыз бен әлеуметтік қатынастарымызды қалыптастырудағы ролі мен маңыздылығын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Күлкі мен әзіл барлық деңгейдегі қауымдастықтардың өмірінде маңызды рөл атқарады және қоғамдық өмірдің барлық салаларына енеді. Оларды әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерттеу қоғамның рухани, әлеуметтік және саяси, мәдени динамикасын түсіну үшін қажет.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Латышев Ю.В. Феномен юмора в социально-информационном взаимодействии (Теоретико-методологический анализ): Дис. ... канд. филос. наук: 09.00.11: Новосибирск, - 2003. – 147 с.
2. Бергсон А. Смех. - М: Искусство, 1992. – 128 с.
3. Мельников С.С. Социология юмора: к критике трех фундаментальных теорий смешного // Вестник экономики, права и социологии, - 2015. - С. 213-217.
4. Числова Н.М. «Юмор» как средство выражения радости в межкультурном общении // Rhema. Рема. 2013. - № 3. - С. 88-93.
5. Абашева А.Р., Атнабаева Н.А. Юмор как универсальный аспект человеческой жизни. // Материалы Национальной научно-практической конференции молодых ученых. В 3 т. Том III. - Ижевск, 2020. - С. 266-270.
6. Қабылов Ә. Сатира поэтикасы – Ақтау : Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012. – 233 б.
7. Ниязбеков М. ...деген екен! 1-кітапша – Алматы: Өнер, 1992. – 64 б.
8. Джелиева З.Т., Быдтаева Э.Л. Юмор как средство успешной коммуникации // Мир науки. Педагогика и психология, 2021. №4. [Электронды ресурс] URL <https://mir-nauki.com/PDF/44PSMN421.pdf> (қаралған күні 28.01.2024).
9. Рокотянская Л.Ю. Юмор: сущность, виды, функции в обществе: диссертация ... к.филос.н.: 09.00.11 / Рокотянская Людмила Олеговна; [Место защиты: ФГБОУ ВО «МГТУ им. Н.Э. Баумана»], 2020. – 242 с.

ӘОЖ 141.1

### МӘНГҮРТТІК ПЕ ӘЛДЕ МӘНГІЛІК ПЕ?

Муратбаева Айнур Кайратовна

[muratbaevaai@mail.ru](mailto:muratbaevaai@mail.ru)

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – А.Тұрсынбаева

*Аннотация.* Мақалада мәңгілік Қазақстан негізіндегі атқарылып жатқан жұмыстардағы ықпал етуші фактор ретінде дәстүр мен құндылықтық бағдарлардың қаншалықты маңызды екендігіне талдау жасайды. Жаңарудың теориялық негіздемелеріне тоқтала отырып, қазіргі Қазақстан жағдайындағы жаңарудың өзіндік ерекшелігіне тоқталып, өткен ғасырдағы түрліше тарихи өзгерістердің қазіргі қоғам санасына әсерін сипаттайды. Маңызды болып саналатын дәстүр мен құндылықтық бағдарлардың ұлттық сана-сезімге сай құрылып, қазақ халқының өткен дәуірдегі руханиятының қайнар көздерінен бастау алуы маңызды. Осындай ұстанымды басшылыққа алу барысында ғана Қазақстан қоғамы шынайы жаңаруды ұштастырып жүйелі